

АМАНЖОЛ
ШАМКЕНОВ

Студент
сыры



АМАНЖОЛ ШАМКЕНОВ

Студент

СЫРЫ



ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ

А л м а т ы — 1 9 5 1

А. Шамкенов
ДУМЫ СТУДЕНТА

(На казахском языке)

*

Издание Казгослитиздата—1951

Редактор *Т. Исмаилов*
Художник *К. Хамитов*
Техн. ред. *С. Итсанов*
Корректора *Д. Джусупов* и *Б. Утембаева.*

Сдано в набор 3/IV 1951 г. и написано к печати 4/V 1951 г. Изд. № 60
УГО2890. Бумага 70x108, 1/32 = 4,11 п. л. Уч. изд. 2,58 л.
Тираж 5 000 экз. Цена 2 руб.

г. Алма-ата, Полиграфкомбинат Казгослитиздата при Совете Министров



Бірінші бөлім



ЛЕНИН СУРЕТІ

Ашылып болашақтың қақпасы алда,
Жүргенмін сәбиліктің бақшасында,
Қарайтын сонда ылғый бір ойлы көз
Безенген бесігімнің нақ қасында.

Қанатым онда еркін жазылмаған.
Әндетіп,

Айтып әлди-назын маған:
— Бабаң ғой, бабаң! — дейтін
Сол суретті
Әкеліп көз алдыма ғазиз анам.

Кім еді ол?

Не дейді анам?

Уқпасам да,
Сол бір сөз жылы тиген сәби жанға.
Сол бір сөз көңіліме қалған ұйып,
Сол сөзбен тілім шығып, бастым алға.

Сол сөздің сездім кейін ұлылығын,
Сол сөзді асқақтатам шырқап бүгін.
Өйткені, сөз екен ол Ленинге арнап
Айтылған,

Сол бабамның ұрпағымын.

Келемін содан бері жаттап атын,
Дүниеде маған жан жоқ одан жақын.
Бінтығым оған деген

Асып түсер,
Жыйса да бар әлемнің махаббатын.

Қарасам келбетіне жайнаған нұр,
Жүректен ақтарыла шалқыйды жыр.
Келемін жарқын жолмен

Жоғары ұстап,
Қалдырмай күн бейнесін қасымнан бір.

Қарап тұр маған тағы, сыр берердей,
Дегендей: «Бар адамзат күлсін сендей».
Бағалап тұрғандай әр қыймылымды,
Ержетіп өскеніме сүйсінгендей.

Мен дағы дидарына қарай жүрдім,
Мойнымды қысқа күнде қырық бұрдым.
Маған да келер жылжып,

Бөбегіме
«Бабаң ғой, сүй бабанды!»— дейтін бір күн.

Дермін мен сонда оған: — Ең жақының
Осы адам.

Жүрегіңе күй ақылын.
Сақта деп идеясын ұлы адамның,
Күйармын кұлағына
ұрпағымның.

1950

ЕСТЕН КЕТПЕС

Бір түні мерекелі сауық кұрған,
Туғандай жалындаған қызыл нұрдан,
Көріп ем күн бейнесін Сталиннің
Аспанда¹ қолын созып, күліп тұрған.

Қарасам, содан бері көк жүзіне,
Сеземін жарқ еткендей кең дүние.
Байсалды баппен басып ұлы Сталин
Келе жатқан секілді біздің үйге.

¹ Дирижабльмен көтерілген.

1947

ҚАЗАҚСТАН

Қайтем жырлап көне өмірдің зынданын,
Көшіп-қонған қасіретті кұмдарын.
Қайтем жырлап қарт қазақтың сонау бір
Шерге толы жылжып өткен жылдарын.
Домбырамды басқаша мен күйлегем,
Өткенді еске алуға да жиренем.

Жырлаймын мен заманымның гүл бағын,
Кұм орнына зәулім қала тұрғанын.
Жырлаймын мен бақыт күні көгінде
Күлімдеген Қазақстан қырларын.
Көк майсалы неткен ғажап алабы!
Кетер сыйып он Британ аралы.

Кім сүймейді туған жерін, өз елін,
Өз елімнен бір жылылық сеземін.
Оған деген махаббаттың шегі жоқ,
Шалқып жатыр бейне Ертісім — өзенім.
Сүйем ойлы ормандарын құлпырған,
Сүйем суын кіндік кесіп, кір жуған.

Кезіп пе едің Еділ, Жайық жағасын?
Көріп пе едің Сарыарқадай даласын?

Кең өлкенің қай шетіне барсаң да,
Керемет бір жанға рахат табасың.
Туған жерін мақтамайтын жыр болмас,
Туған жерде сайрандайық жүр, жолдас!

Алматымның орман, гүлге бөленген,
Көркі сұлу кейбір тәуір өлеңнен.
Сыр шерткендей сылдыр қаққан бұлағын
Сүйгенімнің күлкісіндей көрем мен.
Іш жолаушы, мөлдір судан қанып ал,
Бұл бұлақтың балдай тәтті дәмі бар.

Секілді бір Қазақстан қақпасы,
Тұр Алатау күмістей қып ақ шашын.
Қырдың қызы аралап жүр гүл ұстап,
Алматының әшекейлі бақшасын.
Бұрынғының бірі де жоқ көз көрген,
Қырдың қызы өз жеріндегі өзгерген.

Ауылымды айтсаңызшы ғажайып,
Көрмеген еш қызық-думан азайып.
Көп кұмартып,
Десіп жүр ғой ақындар:
Ауыл жайлы жаңа бір жыр жазайық.
Бұлайым да жақсы шықсын жырлары,
Күй, кұрбыжан, қымызынды күй, кәні!

Жасыл жайлау қызғалдағын қолға алып,
Қыя шыңға ұшар кұстай қомданып,
Ортасында ұрпағының жас өрім,
Отырғандай Жамбыл өзі толғанып.
Сахараның сүйіп беттен самалы,
Керемет бір көңілге күй салады.

Келер күнге қуанышпен қараймын,
Өмір қымбат, әр минутын санаймын.

Қиліккенді киіп-жарып келеміз,
Көзбен көріп аңсағанын талайдың.
Ізгі өмірді мәңгі өзіме жар етем.
Арманым жоқ, бақытым бар жан екем!

Қандай ыстық, туған жерің, өз елің,
Өз елімнен бір жылылық сеземін.
Оған деген махаббаттың шегі жоқ,
Шалқып жатыр бейне Ертісім — өзенім.
Туған жерін мақтамайтын жыр болмас,
Туған жерде сайрандайық жүр, жолдас!

1950

АР, НАМЫС НЕ?

Ар, намыс не? —

Айғағы ғой өмірдің.

Ар, намыспен ел көзіне көріндің.

Ақша емес ол,

Қолдан қолға көшетін,

Жатар мәңгі түкпірінде көңілдің.

Ар, намыстан жұрдай болсаң егер сен,

Ертең жоқсың,

Бүгін өмір сүргенмен.

Оның ізгі жолында еткен еңбектің

Әр минуты жүздеп өткен жылмен тең.

1949

ОКТАБРЬ

Білгем жоқ
Қалай совет орнағанын,
Жүргем жоқ
Смольнийде кешіп жалын.
Көргем жоқ
Қара түннің қауып жолын,
Үнін де
Естігем жоқ «Авроранын».

Тоңғам жоқ
Қыстың ақпан, қаңтарында.
Болғам жоқ
Гвардия қатарында.
Қақпасын
Ашып берген ұлы өмірдің,
Мақтанам
Данышпанның атағына.

Санама
Ғылым күндей құйып нұрды,
Замана
Мен туғанда күліп тұрды.
Жалғыз-ақ,

Жадымда ұйып қалған еді,
Әңгіме
Әкем айтқан сол бір жылғы:
«Октябрьде
Теңдікке қолым жеткен,
Октябрь —
Бақытымның қайнары екен.»
Октябрьді
Көрмесем, көрген әкем.
Өмір бақый
Мен де оны жырлап өтем!

1948

ҚЫЗЫЛ ТУ

Мені өзіне шақырғандай,
«Келші бермен, келші» деп
Алқызыл ту, көркі қандай!
Көгімде тұр желбіреп.

Қарашы эне,
Толқынданып
Теңіздейін шалқуын!
Қара түнді шыққан жарып,
Қуатындай халқымның.

Жаралғандай жұмысшының
Қасиетті қанынан.
Келем өрлеп басып нығым,
Қымбат көріп жанымнан.

Азаттықтың жалынындай —
Айғағы ту көп істің.
Уа, қызыл ту!
Сүйем сені, —
Сен бейнесі жеңістің.

Бақытпен бір туған ұл, қыз
Жайнатып ел, жерді де,
Аянда біз күліп тұрмыз,
Желбіре, ту,
Желбіре!

1948.

СЕН ДЕ, МЕН ДЕ

Қанды майдан төрінде ме,
Әлде колхоз елінде ме, —
Біздер көппіз, танып болмас.
Атың кім ед осы сөнің?
Сені көрген секілдімін.
Шырамытып тұрмын, жолдас.

Қателесем сөге көрме,
Көңілі шат сен де, мен де
Адамдармыз тілегі бір.
Сөрігімсің сен де менің,
Тек ертөрек көрмегенім
Болмаса егер, сүйгім кеп тұр.

Келші, жолдас,
Қолыңды бер.
Достық әнін шырқап жібер.
Жатырқау жоқ біздің елде.
Бәріміз де: — Бір тілек — деп,
Барамыз ғой алға беттеп,
Бір үйлі жан: Сен де, Мен де.

1949

ОТАН

Отаным!

Жерінде өскен қызыл гүлді
Су болып суарайын солмасын деп.
Тосайын самалыңа көкірегімді,
О дағы шын сырымды тыңдасын деп.

Отаным!

Күнде өзіңмен жадыраймын,
Бір өзің ең қымбаты дүниенің.
Бұлтыңа төбедегі
Тау болайын,
Кеудемде ұйқтасыншы қонып менің.

Отаным!

Бір өзінде бар ықыласым,
Ғажайып қызығыңа тоймай келем.
Мен де бір саяндағы сандуғашың,
Тартуым — шын жүректен шыққан өлең.

1947

КЕРЕКУ

Керекуім қадірлі
Менің туған қаламсың.
Іргөңе осы өлеңім
Кірпіш болып қалайсын.

Сенің мөлдір суыңа
Шомылдырған жан анам;
Дүниеге сонда мен
Тұңғыш рет қарағам.

Болашақты ұғынып,
Бүгінгідей көреміз.
Екеуіміз де құлпырып,
Бірдей өсіп келеміз.

1948

СОЛДАТТЫҢ САУЛЫҒЫ ҮШІН

Алыстан сағынышы құстай самғап,
Аз күнге

Армиядан келді солдат.

Солдатты сыйлайтұғын салтымыз ед,
Думанды кеш өткіздік соған арнап.

Салмақты солдат сыры мәлім бізге,
Шырқадық

Қосып оны әнімізге.

Солдатша тұрып тіп-тік,

Сөйлеп еді...

Бір жігер пайда болды бәрімізге.

Қыйырдан көз жазбайтын ерте-кеші,
Елінің еске түсіп әр төбесі.

Қалса да сәл ойланып,

Солдаттың сол

Тұрды өсіп ортамызда мәртебесі.

Өмірді өрге тарттық, жетеледік.

Солдатсыз, армиясыз не етер едік?

Отанның бәріміз де солдатымыз,

Солдаттың саулығы үшін көтерелік!

1949

ГЕОЛОГ

Шахтердей түріп білегін,
Одан да, бәлкім, басқарак.
Даланың тыңдап жүрегін
Жүргенін көрдім жас қазақ.

Жасырын жатқан кенді алмай,
Көрмеді тыным аялдап.
Далада сайран құрғандай,
Жүретін солай жаяулап...

Құтылмасын сезгендей,
Табиғат оған иді бас.
Ғасырлар жатқан сыр бермей,
Кәдеге асты қара тас.

Сонау бір кезде жапан тұз, —
Кім білген жердің қадірін?
Өгіпті зарлап атамыз,
Даланың қуып сағымын.

Жан бітіп бүгін сол жерге
Күркіреп жойқын төнді күш.

Қуантар сені,
Көргенде
Қайнаған қызу өндіріс.

Алуды білсең, кенге мол,
Береген ғой — деп, — жер ана.
Күлімдеп қарап
Тұрды ол,
Қасында биік мұнара.

1949

ЕРТІС

Тұрдым мен

Ертісімнің жағасында,
Өрімдей өскен талдың арасында.
Бұйра жал, толқын ойнап, ашулы өзен
Арындап ағып жатты аласұра.

Қарадым

Келбетіне кұмарланып,
Ескі дос — толқындарын тұрмын танып,
Сәулемнің жанарындай жалт-жұлт еткен,
Көк жүзің көзді тартып барады алып.

Еміреніп,

Уа, Ертісім, мейір төктің,
Тудырдың толқыныңнан жігерлі екпін.
Жайнатты атрабыңды нұрға бөлеп,
Қайыспас күшті қолы большевиктің.

Сен енді

Днепрше көбігіңді
Аспанға ат, шалқытып бір көңілімді.
Шадыман шат заманда шарықтаған,
Жадырат сен де нұрлы өмірімді.

Сүйем мен

Сені, Ертіс, — туған анам.
Көңілім қайда жүрсем ауар саған.
Құшақтап күміс көбік толқыныңды,
Жыр етер, талай әлі, сені балаң.

ҰРПАҚ ҮНІ

Тыңда, Пушкин, ұрпақ үнін,
Тыңдашы бір мені де.
Жалындаған сенің жырың
Жетті қазақ еліне.

Жетті жырың серпіп тастап,
Тұманданған заманды.
Ақындықтың көшін бастап,
Аулымызға таралды.

Сенің жырың қара түнде
Жасыл еді атылған.
Жарқ-жүрқ етіп жетті бізге,
Өршіл ойдың атынан.

Естимісің асқақтаған
Ұрпағыңның шат үнін?!
Жас қазақ та қостап саған,
Тікті жырдың шатырын.

1949

САЙРАНДА ЖЕЛІ КӨКТЕМНІҢ

Сайранда желі көктемнің
Аралап таудың бөктерін.
Бой жазып тұрған далада
Құрғатшы терін шахтердің.

Сырласып көктем көркімен,
Елімді кезіп еркінмен,
Әндетіп жүрген жайлауда
Қойшының сүйші бетінен.

Сайранда, желім, ерінбей,
Жүйткіген жүйрік көңілдей.
Лебізің неткен ыстық ед,
Сұлудың алған деміндей.

Көңілдің күйі төгілген
Сеземін бір сыр лебіңнен.
Жүйткіші!

Бірақ,
Жаһаннан
Таппассың біздей елді сен.

1948

ТЕРЕК

Көп жылдар жасапсың,
Көп болар сырларың.
Күші ғой тамырдың
Құламай тұрғаның.

Менде де тамыр бар,
Дейтұғын: «Әділ заң».
Бақытты өмірім
Сол заңнан тараған.

Мен сендей қалтырап
Тұрмаймын
Келсе қыс.
Гүлдене түсемін
Құн сайын,
Артып күш.

1947

БАЛҚАШ

Көк жиекпен ұштасып,
Бір айдың қалып барады;
«Балқаш қой, Балқаш!» десіп жұрт,
Үңіле тегіс қарады.

Балықшы қыздар шырқаған,
Қолдарын бізге бұлғайды.
Біз дағы кеттік шырқап ән,
Көңілің, бірақ, қыймайды.

Көгілдір Балқаш, көл Балқаш,
Оқуға барам, сөкпе сен.
Әйтпесе, бейне қарлығаш,
Өріңнен ойтап кетпес ем.

1949

ӘДІЛЕТТІҢ ТОЛҚЫНЫ

Туңғыш рет сүйген қандай баланы!
Жалт-жұлт етіп жаутандайды жанары.
Көктеміндеі өмірімнің гүл атқан,
Көрген сайын ыстық тартып барады.

Келбетінен өзімді ылғый көремін,
Көзім жазбай қайта-қайта төнемін.
Алақанын тосып келер күніне,
Талпынады, шарқұрады бөбегім.

Өзім болып аймалашы өлеңім,
Түсіне алмай отырмын не дегенін.
Әлденені алғысы кеп аспаннан,
Күліп тағы, ұмтылады бөбегім...

Дүниенің төріндейміз — біз бүгін,
Күнде естимін шаттық жырын, қызық үн.
Тез өссе екен, заманындай құлпырып,
Көрсем деймін бөбегімнің қызығын.

Көрсем деймін ортаға сап білгенін.
Достарымен жайраңдасып күлгенін.
Көрсем деймін қалың томды құшақтап,
Болашақтың бақшасында жүргенін.

Сонда мені ертіп алып қасына,
Өз өнерін көрсеткенше асыға,
Сөйлеп кетсе жаңадан бір тапқанын,
Қарай беріп бурыл тартқан шашыма...

Бұл ой жалғыз менікі емес,
Мыңдаған
Жер шарында әділетті күллі адам, —
Бәрінің де осындай бір ойы бар.
Бұл ойды да талай ақын жырлаған.

Біздің осы оймызға
Көлденең
Тұра қалып, ирелендеп өрлеген,
Шықты тағы ала-шубар жыландар
Көп қанына, көз жасына шөлдеген.

Дүниенің шырқын бұзып, бүлдіріп,
Салмақшы ма адамзатқа бір бүлік?!
Сонда азғындар нелеріне сенеді,
Соғыс дей ме, атом дей ме дүрлігіп?!

Бойларында жоқ адамдық еш жалын,
Долларшыл сұм өңшең азғын мес қарын...
Білер ме олар, көп даурығып асқанға
Алдарында масқара күн тосқанын?

Дүние деген доп емес қой тегінде,
Сыя қоймас доллар сыйған өңірге.
Тілемейміз соғыс дейтін апатты,
Бейбітшілік керек бізге, өмірге.

Келгеміз жоқ дүниеге біз даурығып,
Көргеміз жоқ соғыс тілеп, дау қылып,
Келдік бүкіл адамзаттың бағы үшін,
Көркімізбен ғасырларды таң ғылып.

Долларшыл топ — соғысқұмар бөспенің
Тілейміз біз жер бетінен өшкенің,
Бейбіт өмір құшағында толықсып,
Көрсем деймін бөбегімнің өскенің.

Бұл ой жалғыз менікі емес,
Мындаған
Жер шарында әділетті күллі адам, —
Бәрінің де осындай бір ойы бар.
Дәл осы ойды Хикмет те жырлаған.

Қосқан мұны Поль Робсон да әніне,
Қарсы тұрып қасақы жау кәріне.
Жапырақтай ұшып түсер теректен
Қанішерлер қарамаған әліне.

Көп ұзамас атомшылар жортуы,
Буырқанған халық кегі толқыды;
Тастар теуіп жағасына өмірдің
Әлемдегі әділеттің толқыны.

1950

ЕРКІНГЕ ХАТ

I

Саған арнап хат жазды аған,
Умытар ма, сірә, сені?
Аманбысың, сағындырған
Туған елдің пионері?

Сәлем, күнге тағзым еткен
Алатаудың асқарынан,
Сені сырттай танып көптен
Білетуғын достарымнан.

...Түсінерсің кейінірек
Келсең ғылым ордасына.
— Ағамның бұл хаты еді, — деп,
Оқып берші жолдасыңа.

II

— Демалыс күн. Баудың іші
Серуендеген жұртқа толы.
Бір балаға көзім түсті
Дәл өзіндегі қараторы.

Сен есіме түсіп сонда,
Қасына кеп отырдым мен.
Орден, медаль омырауында
Шағылысып тұрды күнмен.

Бала отыр Кавериннің
Оқып «Екі капитаның».
— Кешірсің, інім,— дедім,
Бұл орденді не үшін алдың?

Уктым сырын пионердің,
Айтып берді ол ағасына;
Көрген екен майдан төрін,
Келіпті от арасынан.

III

— Ауыр күнде мен де айқастым,
Жаудан кекті алдым, ағай.
Дегемін жоқ әлі жасып,
Қыспақтарды көрдім талай.

Аттанып ем айлы түнде
Барлауға мен жалғыз өзім.
Тың тыңдаймын тоқтап кейде,
Дағдыланып қалған кезім.

Қалың орман қарағайлы
Қайғылы бір ойға батқан.
Бүркеп менен жарық айды,
Жапырағын жамыратқан.

Танып келем әр ағашын,
Сыры таныс жерім еді.
Аймалаған төгіп жасын,
Анамдай боп көрінеді.

Қандай қауып, орман ішін
Жалғыз кезу түн ішінде!
Жалтақтаймын қашып түсім,
Өнбей кетті жүрісім де.

Шығып бір кез шетіне орман,
Сәл демалдым. Алда көп іс...
Кенет,
Менің қарсы алдымнан
Өте берді бір топ неміс.

Қаптаған қол
Не деген көп!

Расында сасып қалдым.
Келе жатқан болу керек
Мекеніне партизанның.

Онда біздер айтатын ек,
Ну орманды «Ұямыз» деп.
Жау — дүлей күш, қара түнек,
Келе жатты ажал іздеп.
Қайтсем екен?..

Сәл ойландым,
Жан-жағыма қарадым да,
«Өтсең өт — деп, — обыр малқуыж»
Бас сауғалап қаламын ба?!

Қайнады ашу көкрегімде,
Жаулар өтіп бара жатты.
«Жазаң осы, өл!» дедім де,
Лақтырдым бір гранатты! АҚА
Қайсыбірі баж-баж етіп, №
Қайсыбірі жатты сарнап. 0
Тыныш түнді дүбірлетіп,
Оқ борды кетті азынап.

Орман шеті түткен жүндей,
Түтін жапты. Уйқы-түйқы.
Бұлт астынан шыққан күндей,
Кетті өзгеріп түннің сыйқы.

Капелімде жанды үйірген
Қаһарынан қатты састым.
Ұрланып кеп дәл бүйірден,
Автоматтан оқ бораттым,

Төктім оқты, қайнап кегім,
Қорқатын мен бала ма екем!
Біраздан соң қарап едім,
Сұмдар қашып барады екен.

Ең соңғы рет жалын шашып,
Атып тұрдым қуанғаннан.
Кел дегендей қойнын ашып,
Шақырып тұр қалың орман.

Көп кешікпей ертіп келдім
Отрядтың адамдарын.
Он бес шақты өліктердің
Жыйнап алдық қаруларын.

Келіп қалды жау тағы да,
Дүбірлетіп күз, сай, тасты.
Шеру тартып кеттік алға,
Бастап тағы зор айқасты...

Деді дағы досым менің,
Ойға шомып көп отырды.
— Сендей інім бар, — деп едім,
Сәлем айтшы, — деп өтінді.

IV

Сүйген елін шын жүрекпен,
Шынығында, ол батыр еді.
Қандай ана өсірді екен?!
Бала қандай ақылды еді!

Көрдім осы жас батырды
Алматының бағында мен.
Қанат қағып бір ой келді,
Елестедің тағы да сен.

Сен де сондай сүй еліңді,
Үстіндесің ұзақ жолдың.
Сеземісің жүреріңді
Туын ұстап комсомолдың.

Қызықтырып келер күнің,
Сен де ұстарсың қызыл билет.
Алаңдамай оқы күнім,
Күтіп тұр ғой университет.

Сүңгі ойдың тереңіне,
Сөзімді ақта, саған сенем...
Болысарсың сен еліңе
«Бестік» деген бағаменен.

Қуанышпен біз де күттік,
Жарқырап тұр келер күнің.
Сәлемменнен большевиктік,
Қош бол енді,
Қош Еркінім!

1948

ЖЕҢІС

Жеңіс, жеңіс! — дегенде,
Желбіреп ту шалқыған.
Жеңісті айтса денемде
Толқындайды ыстық қан.

Жеңіс — Отан дабылы,
Жеңіс — кілті бақыттың,
Шын жүректен жырымды
Жеңіске деп ағыттым.

Жеңіс — жанған көгімде
Коммунизм шырағы.
Тек бір менің елімде
Шын жеңістің тұрағы.

Келші, достар!
Кел бері,
Қосылайық шырқап ән.
Ұлы жеңіс өйткені,
Біздің ғана елге тән.

АҚЫН АТАЙ

(*Мұһарри Төлегеновке*)

Өмірдің артқа салып өткелдерін,
Білемін,
Көп жасадың, көп көргенің.
Мүмкін, сен кейбір сәтте қынжыларсың
Түскенде ісіңе кеп өткендерің.

Жетпіс жыл не, тәйірі, емес түк те,
Сіздердей асыл жанға сол да жүк пе?!
«Бойымнан еркім кетті, алжыдық» деп,
Көнгенің жөн емес қой кәрілікке.

Қарашы заманаға терең бойлап,
Қайткенде қызығына көзің тоймақ.
Ұл, қызың ғылым қуған,
Кәрілікке
Таппайды қой деме бір дәрі ойлап!

Жырла сен, сол ғана тек ендігі ісін,
Жырла сен, тас қопарған ердің ісін.
Жамбыл да жырлап өткен ғасыр бойы,
Жырла сен, тасқындаған елдің күшін.

Үйрендік сіздерден біз әуел бастан,
Қеремет кеңестерін әрбір дастан.
Зор сабақ сіздер айтқан ақыл, ғырат,
Қаншама болсақ та біз білімі асқан.

1949

М А Й

I ЖЫР

Қошеметтеп Келсең дағы қай жылы
Жүрегімнен Шыққан талай май жыры.
Көкейімнен Күй төгіліп тағы да,
Қеттім еніп Гүл жайнаған бағыңа.
Қеттім еніп Қарсы алам — деп, — Майымды.
Хош иісің Жас жаныма жайылды.
Керемет бір Толқын билеп денені,
Көңілімді Қуанышқа бөледі.
Қызыл тудай Желбіредік, шалқыдық.
Шалқып өскен Жандар едік шарқұрып.
Салтымыз ед Үніміз жер жаратын.

Куаныштың
Қақтырып тез қанатын.
Көңіл шіркін
Қоюшы ма ед еркіңе,
Шаттық билеп
Кеттім мен де желпіне.
Неткен сұлу
Майым менің, тамаша!
Академик
Жүгіріп жүр балаша.
Көп сұлулар
Бірі өтеді бірінен,
Ақын шықты
Жалынды өткір жырымен.
Көріп қалдым:
Шахтер дағы қуанып,
Кетіп барад
Қайла орнына ту алып.
Майым неткен
Сұлу еді, дариға!
Гүл ұстапты
Тракторшы Талиға.
Нұрланыпты
Тамаражан қарағым,
Сап түзеген
Ерлері де даланың.
Бар керемет бір өзінде
Қарашы!
Куанбасын
Қайтып адам баласы.
Көтеріңдер,
Кәне,
Саулық тостарын,
Көсем үшін!
От жанарлы достарым!

II ЖЫР

Тартылды күй,
Биленді би, көңіл жай.
Өзгеше ғой
Біздің мейрам — біздің Май.
«Уа, әділет!
Қашан саған жетермін» —
Деп тұрғандай
Жұмысшысы шет елдің.
Кегі қайнап,
Демін іштен алады,
Қайғы қонған
Қара бұлттай қабағы..
Келер бір күн
Жігер тасып, булығып,
Халық кегін
Көтеретін ту қылып.
Көз шалғандай
Қызыл туды аспаннан,
Күлімсіреп
Көздеріне жас алған.
Уа, шет елдік
Әділ жандар,
Әйгілі
Бақытты елден
Сәлем саған, Май күні!

1948

ОЛАР ҮШЕУ ЕДІ

(Сүлеймен Рустамнан)

Ер жүрек олар үшеу ед,
Жорықтың көрген талайын,
Азербайжан, жас қазақ,
Орыс ед бірі — ағайын.

Бір күндік емес, мәңгілік,
Өздері нағыз дос еді.
Құтқарып қалған бір-бірін
Қатерлі шақта кешегі.

Жұлдыздар болад көкте егіз...
Қос жүрек кейде бір соғар;
Жауынгер достың хал-жайын
Жауынгер ғана шын ұғар.

Әрқайсы тұңғыш махаббат,
Тұңғыйық жатқан сырды ашып,
Еске алып сүйген жарларын,
Жүруші ед ылғый сырласып.

Күрсініп қойып Тұрсынбай,
Жымыйып қана күледі:

«Сүйіктім менің, жан-жарым,
Асқан бір сұлу гүл еді!

Ұзатып нелер күндерді,
Әр минут сайын сарылып,
Қайғылы жарым көз жазбай,
Күтуде шығар зарығып!

Бітсе екен соғыс тезірек.
Барсам-ау сүйген жарыма,
Балдан да тәтті өмірдің
Шарабын ішсем тағы да.

Достарым! Бітсе бұл соғыс —
Қазақстанға барамыз,
Мен туып өскен жер қандай,
Сарыарқа, шіркін, даламыз!

Керемет бір той жасар ем,
Жеткізіп айтып бере алман.
Әндетіп, еркін сайрандап,
Шығар ек, достар, құмардан!

Домбыра алып шабытпен
Жырлап бір кетсе қарт ақын.
Талайдың бойын ұйытып,
Өзіне жұртты тартатын.

Ынтыға түсер сүйген жар,
(Барған соң бұзбай антымды).
Жасырмай, яки асырмай,
Айтыңдар сонда даңқымды...»

Деді де балғын жас қазақ,
Алысқа ұзақ қарады.

Жүзінде шаттық нұр ойнап,
Жауандай берді жанары.

Көзінен оның достары
Көргендей болды қыр гүлін.
Көргендей болды күздарды...
Жауынгер ұғар бір-бірін.

Отырған үнсіз, ойланып,
Тіл қатты бір кез Володя:
«Сүйіктім менің қалды ғой,
Азғындар жүрген қалада.

Сенемін, бірақ, сенемін,
Жүрсем де мейлі қай жақта, —
Елімен егіз туғандай;
Уқсатам өзін солдатқа...»

Досының қысып оң қолын,
Толқындай тулап жас жаны,
Кавказдық жігіт Шыңғыс та,
Шынайы сөзін бастады:

«Достарым! Бізге алдымен
Барамыз, айтқам бұрын да.
Ақшатыр құрып тойлармыз
Кавказдың сұлу шыңында.

Қарсы алар бізді,
Толықсып,
Жан жарым, балам, гүл бағым.
Қарт ашуг шығар сазымен
Шашуға шашып жырларын...»

Ер жүрек олар үшеу ед...
Жалғасқан жүрек сырлары.

Жауынгер ұғар бір-бірін,
Жауынгер достар тұрды әне...

Бұзылды кеңес, жылы сөз,
Үзіліп кетті тәтті арман...
Қағылды соғыс дабылы,
Күңренді жер, көк қайтадан.

Күн туса елге екіұдай,
Именіп жаудан тайған кім?!
Қасқайып үшеу тартты алға,
Теңізін кешіп майданның.

Боратып жауға жаудырды оқ,
Немістер шөптей сұлады...
Жанары, кенет, жалт етіп,
Тұрсынбай қазақ құлады.

Қалың жау қайта лап берді.
Екеу-ақ әттең қол қысқа;
Айқасып құшақ, оққа ұшты
Володя, батыр Шыңғыс та.

Ер жүрек олар үшеу ед,
Ерлікпен өшті жас өмір.
Есімі мәңгі сақталар,
Өтсе де зулап неше жыл.



Зрїиши бѣгїи



* * *

Жан серігім — кітаптардан нәр алып,
Отырсам да күндіз, түні қадалып,
Қолхоз!

Қолхоз!

Көңілімде сен тұрсың,
Сүйем сені,
Болсам да мен қалалық.

Маған бақыт құлпырғаның, күлгенің,
Сөніменен жайнай түсер күндерім.
Ушан-теңіз саған деген махаббат,
Мен өзіңмен мәңгі-бақыт біргемін.

Жыр етпеймін көктің жұлдыз, күн, айын,
Уақытымды босқа өткізіп тұрмаймын;
Айдың шалқар дариясы өнбектің —
Қызыл тулы колхозымды жырлаймын.

ҚЫРМАН

Астығы судай тасыған,
Көргенде қызыл қырманды,
Кете алмай ұзап қасынан,
Көзімде шаттық нұр жанды.

Бір ғажап!

Қайсы жүлде алар,
Бүгін кім озбақ, жеңбек кім?
Ерлердің күші сыналар,
Майданы екен еңбектің.

Кітабым қалды бір шетте,
Қызығып мен де тұр едім.
Күшімді менің білмек пе?
Ұсынды бір қыз күрегін.

Ұшқындай қыздың жанары
Қадала маған қарады...
Қыялмен бірге кетті ұшып,
Бидайдың қауыз-бораны.

ҚЕРУЕН

Бір тұтас алтын секілді,
Толқынды дала төрінен,
Өзендей тасып екпіні
Келеді шұбап керуен.

Елімнің тиеп ырысын
Келеді,
Шалқып тулар да,
Уа, астық!
Сенсің тынысым,
Өмірде сенсіз күн бар ма?!

1947

ЖАҢБЫР

Қою бұлт торлап көк жүзін,
Түйді де қалың қабағын,
Төкті бір нөсер-теңізін,
Төсінен сүйіп даланың.

Аңызак оны жеңер ме!
Көгертті жаңбыр егінді.
Жаңбырдай
Жазған өлең де
Көгертсін сансыз көңілді.

1949

ШАРБАҚТЫ¹

(Баллада)

Қабағы қату қатығез
Қытымыр өмір аһ ұрып,
Аранын ашып тұрған кез,
Тырнағын елге батырып.

Сахара кезген дауылдың
Өтіпті әбден қылығы.
Қараңғы қазақ ауылдың
Болыпты жалғыз құдығы.

Құдықтан сол бір жаз да, қыс,
Малдарын байлар суарған.
Түнерген бұлттай мұнды қыз,
Көз жасын сығып су алған.

II

Бостандық деген туып күн,
Октябрь нұрын шашқанда,

¹ Шарбақты — Павлодар облысы, Лебяжі ауданындағы жердің аты. Бұрын онда жалғыз құдық болған деседі. Кейін сол құдықтан су атылып, көлге айналған.

Дүрлігіп суы кұдықтың
Атылды бір күн аспанға.

Атқызған суды аспанға,
Алғыр ой, күшті жаңа адам.
Жаңа адам алға басқанда
Жайнап бір дала қараған...

Жапырып көне өмірді,
Көл болды кұдық көгілдір.
Қойнында көлдің көңілді,
Толқынмен ойнап жастар жүр.

III

Қайғыға толған салмақты,
Кұрыды кезең пейлі тар.
Бұл күнде

Сұлу Шарбақты,
Көкшедей көркем көркі бар.

Жиегін көлдің жайлаған,
Көремін колхоз үйлерін.
Ой салып көркі жайнаған,
Домбыра досты күйледім.

Тудай бір шалқып көңілдер
Жүздері таң боп атқандай.
Тынбастан зырлап су диірмен
Бір әнге шырқап жатқандай.

Келбеті қандай тамаша!
Қойғанда былай басқасын;
Көп жүрдім қыймай балаша,
Аралап әсем бақшасын.

ҚЫЗЫЛӘСКЕР ҚАБЫРЫ

(Михаил Исаковскийден)

Мейлің қайда барсаң да,
Бұл жерге сен тоқтап өт.
Қабырға бұл құрметті
Шын жүреппен тәжім ет.

Балықшы бол мейлі сен,
Яки ғалым, бақташы; —
Жатыр мұнда өр досың,
Мәңгі есіңе сақташы.

Саған да, ол маған да,
Істеді қолдан келгенін;
Соғыста жанын аямай,
Қалды қорғап өз елін.

1946

ҚЫЗЫЛ ОТАУ

Күнде қызық той-думан
«Күнтөбенің»¹ астында.
Күнде оятып ұйқыдан,
Күй шертеді Москва.

Қарапайым киіз үй,
Сахараның көркіндей.
Іші толған ән мен күй,
Малшылардың сертіндей.

Онда сөз бар жалынды,
Онда ақын жыры бар.
Жадыратар жанынды
Таң-тамаша сыры бар.

Осынау үйден шарқұрып,
Жаңалықтар таралған.
Малшы жолдас талпынып,
Жанына азық нәр алған.

Күнде қызық керемет,
«Күнтөбенің» астында,

¹ «Күнтөбе» — дөңнің аты.

Тамылжытып, жебелеп,
Күйін шертті Москва.

Ән толқыны лепірді,
Тағы да үйге толды күй.
Университет секілді
Малшыларға сол бір үй.

1948

«МОСКВИЧ»

Зәрредей аямаған бойда күшін,
Айбынды ұран тастап астық үшін,
Бригадир егін-жайын жүрді аралап,
Жүйткітіп сыйлыққа алған «Москвичін».

Барады ол
 Қөңілі өсіп, күндей шалқып,
Несі оның
 Қараңызшы,
 Сенен артық?!
Қелелі көп еңбектің рахаты бар,
Еңбек ет Сен де жолдас,
 Соған тартып.

1949

ҚАРА АҒАШ

Кәрі ме екен, әлде жас?
Тілдесіп торғын көкпенен,
Жапанда жалғыз қара ағаш
Қай жылы өсіп, көктеген?

Еске алсын ұрпақ, баламыз
Дүниеден біздер өткенде.—
Дегендей шаншып бабамыз
Мәңгілік егіп кеткен бе?

Толқыған судай, ырғала
Шертеді ағаш бір күйді.
Сыбдыры — жатқан хикая,
Бір күйді шертіп мүлгиді.

Шежіре айтқан қарт анам
Секілді, маған қарайды.
Алмаса да орын картадан,
Кешірген бастан талайды.

Мұндайма жалғыз қара ағаш,
Ескен жел сен де айта бар.
Қайыңы, емен аралас
Қасында орман жайқалар.

ЖАС САЙЛАУШЫ СЫРЫ

Қанатты менің көңілім
Көктемнің шуақ күніндей,
Ғажап бір менің өмірім,
Заманның солмас гүліндей.

Отаным менің, қадірлім,
Шындықтың заңғар шыңындай
— Отан — деп кеше арымның
Сынынан өттім жығылмай.

Атамдай бір кез қаңғырған,
Тұрмадым мүлгіп, қайдалап...
Арманым шығып алдымнан
Құшағын жайды аймалап,

Жатсын бір тарап әлемге,
Келемін ғажап күй тартып,
Нұрына бөлеп төбемде
Бақытым күндей тұр шалқып.

Келемін күліп
Жасқанбай,
Жүрмеймін ілбіп, жалтақтап.

Бойыма жігер қосқандай,
Азамат деген ардақты ат.

Қажеті аз маған даңқыңның,
Даңқ үшін туған емеспін!
— Советтің азаматымын,—
Деген бір сөзге не жетсін!

Осы бір сөзден таралған
Мендегі тілек, бар арман.
Осы бір сөзге мақтанам,
Арым да содан жаралған.

— Азаматсың — деп сөніп ел,
Сайлауға ерік беріп тұр.
Жүректің сыры сезілер,
Кеудемді шаттық керіп тұр.
Жаһанға:

Кәне,
Құмартып,
Көріңдер! — дегім келіп тұр.

Жер шарын тағы таң ғылып,
Көсемді —

Лайық атына,
Сайлаймыз күндей мәңгілік,
Өмірдің депутатына.

Ғажайып даңқы елімнің
Тағы да өрлер белеске.
Көсемге дауыс берудің
Өзі де

Бақыт емес пе?

Бюллетенді ұстап,
Балаша
Куанып жырды төгермін.
Алуға, егер жараса,
Жүректі де орап берермін.

1950



Үшінші бөлім



СТУДЕНТ

Жас жігіт жүзі жарқын,
 Кейде оқып, кейде жазып,
Үңіліп кітаптарға,
 Ғылымның көнін қазып,
Жалт еткен жанарынан
 Жарқ етіп ой сәулесі,
Отырды, өмірінің
 Жолына жыйнап азық.

Алуан ақылдардың
 Аршып ап асылдарын,
Өткізіп көз алдынан
 Тарихтың ғасырларын,
Қырандай қыя шыннан
 Шүйілген әлденеге
Ойланып отырды ол,
 Ұмытып ғашық жарын.

Арманы: «Тіксем туды
 Ғылымның өр шыңына».
Тұрғандай бар дүние

Кішкентай уысында.
Өмірдің өткелінен
Өтуге шарқұрады,
Біледі түсетінін
Алдында ұлы сынға.

1950

СТУДЕНТ СЫРЫ

Болсаң да қанша балажан,
Мейрімді көзің мөлдіреп,
Аяма мені

Анажан

— Оқудан шаршап келді,— деп.

Қолға алып кітап досымды,
Атқызсам нелер танды ұзақ.
«Қарағым, қой — деп — осыңды»,
Аяма мені,

Жалғыз-ақ.

Бір кезде тиіп көмегім,
Сүйсіңер елің балаңа;
Сол үшін

Оқый беремін,

Сол үшін

Мені аяма!

1949

БІЗДІҢ ОҚУ ЗАЛЫМЫЗ

«Санаулылар» жүретін
Лондонның бұл залы емес, —
Тек мистерлер кіретін,
Пейілі де тар емес; —

Келдік мұнда, жарасқан
Алуан ұлттан бәріміз;
Зор құшағын кең ашқан
Біздің оқу залымыз.

Тілегіміз тұс-тұстан
Құйылған бір арнаға.
Бәріміз бір туысқан,
Отанымыз — нұрлы ана.

Оқу залын сәулетті,
Үйіміздей көреміз.
Кітаптарды қолтықтап,
Күнде осында келеміз.

Тұманды емес, тар емес
Лондонның бұл залындай.
Кірсең бұған жарқ етер
Санаң Ильич шамындай.

Арманыңа тартқан жол
Ғылымның зор кемесі,
Бойға білім құйып мол,
Баулайтын бір жер осы.

Алаулайды жалындай,
Ғылым сүйген жанымыз.
Болашақтың таңындай,
Нұр төгіп тұр залымыз.

1949

АКАДЕМИК ҚАРАЙ ҚАЛДЫ

Мінбеде

Тұрды сөйлеп бір жас адам,
Ой салып қариядай жүз жасаған.
Сөйледі кідірместен,

Мүдірместен,

Секілді бәрімізбен сырлас адам.

Сонда біз қыбыр етпей қалдық тыңдап,

Мұндайда адам жаны ақтарылмақ...

Сөйледі ол, репаратын зерттеп жүрген

Жаңа ой, тың пікірлер жатты ағындап.

Лап етті ғажайып от санамызда,

Кемедей көлде жүзіп барамыз ба?

Жалынды сөзіменен келешектен

Сыяқты келген өкіл арамызға...

Сөйледі ол, сөзі Ертістің ағысындай,

Көрінді бізге сол жас болып шыңдай.

Құттықтап қолымызды соға бердік,

Ғылымның жаңа келген табысындай.

Сөзімен таңғалдырды талай жанды.

Ойымыз нұр құйғандай арайланды.

Сүйсініп шәкіртіне өзі оқытқан,

Ақ шашты академик қарай қалды.

1950

ДАСТАРХАН ҮСТІНДЕ

Кұша берді жас Ғалымжан Бекзадын,
Жүздерінде ойнақшыйды тек жалын.
Бас қосып ек құрметіне солардың
Өте жақсы бергені үшін экзамын.

Өз әлінше бір қызық кеш басталған,
Күн нұрындай кең құшағын ашты арман...
Тағам жағы тұрды ойсырап тек қана,
Белгілі ғой студенттік дастархан.

Онша назар аудармадық асқа да,
Көңіліміз болды біздің басқада.
Шаттанып бір-бірімізге караймыз,
Кеше ғана сыяқты едік жас бала.

Шіркін, көп қой елге деген берешек,
Жетсек соған,

Жеттік енді демес ек.
Қағысканда үнсіз соңғы бокалды
Жадымызда тұрды жайнап келешек.

1950

УНИВЕРСИТЕТ

Құмартушы едім жас күннен,
Көңілде сақтап есімін.
Қуанып келіп аштым мен
Университет есігін.

Далада туып мен өзім,
Дауылмен ойнап өскемін.
Өмірдің өрлеп өзенін,
Білімнің естім ескегін.

Алдымнан кенет ашылды
Ғажап бір нұрлы дүние!
Қопардым көне ғасырды,
Құлақ сап заман күйіне.

Теңіздей терең гүңғыйық
Сырынды бұрын кім білген?!
Санама күндей нұр құйып,
Бойыма білім сіндірген:

Өмірге тартқан құшағың
Недеген ыстық, кең еді!
Досым деп сені құшамын,
Құшақтай бергім келеді.

1949

АЛЬБОМ

Сыр сандығы секілді,
Құпиямды көр менін.
Қорші — деп, ол өтінді,
Алдыма әкеп альбомын.

Бақшадайын төккен нұр,
Альбом ішін кездім мен.
Студенттік сонда бір,
Өмір барын сездім мен.

Еске түсті ізгі күн,
Елестеді жас шағым.
Елең етіп сезімім,
Қайта көре бастадым.

ҮШ ӨЛЕН

1. ШАМЫ НЕГЕ СӨНБЕЙДІ

Жатты дала балбырап,
Ойға шомып тереңнен.
Туған ауыл маужырап,
Тәтті ұйқыға бөленген.

Бәрі тынған көп күйдің,
Бұл та бүгін төнбейді.
Тек сонау бір шеткі үйдің
Шамы неге сөнбейді?..

Көрінбейді бір шырақ,
Көңілді ешкім бөлмейді.
Тек сол үйдің
Жылтырап,
Шамы неге сөнбейді?..

Астанадан
Көрмеген
Бір қыз келді деп еді,
Әлде отырған сол ма екен?
Әлде, неге төнеді.

Умытқандай өзгені,
Шолып өтіп манайды,

Ушқын атқан көздері
Кейде алысқа қарайды.

Жоғын іздеп тапқандай,
Үңіледі тағы да;
Қотарып бір жатқандай,
Қалың томды жадына.

Жымыйғандай болады,
Еске ала ма достарын?
Кейде сызып қояды
Ертеңгі күн жоспарын...

Бәрі тынған көп күйдін,
Бұлт та бүгін төнбейді.
Тек қана сол шеткі үйдін
Шамы түнде сөнбейді.

1950

2. ТАҢ АТА

Қоңыр сазды сұлу үн
Уйытып кең даланы.
Желбіретіп бұрымын
Бір қыз кетіп барады.

Таң самалы ұрланып,
Сыйпағандай бетінді.
Таңменен қыз нұрланып,
Бірге ояңған секілді.

Бидай тұрды сызылып,
Дала бейне мақпалдай.

Қыз келеді қызығып,
Жаны рахат тапқандай...

Осы бір қыз жайдары
Кеше келген бұл маңға,
Көрсін — дей ме, — пайдамды,
Кірді барып қырманға.

Танысындай ертеден
Әркіммен қол алысты.
Шыққан үні ертемен
Еңбек-күйге қабысты.

Өзі өтініп болмады,
Кейде астық салысты.
Кейде нәзік қолдары,
Рульге барып жабысты.

Әркім айтты алғыс сөз...
Ауыл халқы болды ырза.
Талай мөлдір қара көз,
Жаутаңдады-ау сол қызға!..

1949

3. ҚЫРМАН БАСЫНДА

Аспан ашық.

Шаңқай түс...

Жұрт сәл ғана тыныққан,
Сол баяғы таныс қыз
Жүректерін жылытқан.

Желпілдейді сұр көйлек,
Қос бұрымы арқада,
Топ алдында тұр сөйлеп,
Білгенін сап ортаға.

Тілі қандай жатық ед,
Енді ғана шын танып,
Ізгі ойға батып ек,
Қыз сөзіне біз қанып.

Тым алысқа ап кетіп,
Жұртты өзіне тартады.
Алдымыздан жатты өтіп,
Вьетнама алқабы.

Өтіп жатты,
Жер жарған

Бейбітшілік даңқы да.
Бостандыққа қол созған
Кореяның халқы да.

Атомшылар өсегін
Жиіркене тыңдаймыз...
Қараңызшы шешенін,
Көріп пе едің мұндай қыз?!

Жас қайындай күн сүйіп,
Өскен сұлу Арқада,—
Өз қызындай сүйісініп,
Қарай берді қарт ана.

Кейде жұртты күлдіріп,
Тұрғаның да айтайық.
Аңырып тұр бір жігіт
Күрегіне жантайып.

Зыр жүгірген кешегі,
Кім айтар жас бала деп?
Самалдай бір еседі,
Жаңа хабар, жаңа леп.

1950

ТОЛҚЫН

Жөріп едім толқынның тулағанын,
Көкке атылып күнге қол бұлғағанын.
Кейде ышқынып бұлқынса,
Кейде баяу,
Мың бүктеліп ойқастап зырлағанын.

Дәл сондай бір толқын бар жас жанымда
Үмітімнің асырып асқарына,
Қандай қамал болмасын бұзып-жарып,
Ойнақтайды, алға адым басқанымда.

1948

(Мүсілімге)

Оқудан қайтты жас адам,
Өмірлік білім аркалап,
Өмірін қайта жасаған
Бойында таудай бар талап.

Шалқып нұр жарқын жүзінен,
Шарлап-ақ кетер жақсы аты.
Елге бір пайда келтірсем, —
Деген ой оның мақсаты.

Асықты, сөйтіп, жас адам,
Аулының көркін көруге,
Асықты,
Теріп қашаннан,
Жыйғанын
Елге беруге.

1949

ҚОС БҰЛАҚ

Таудан аққан қос бұлақ
Қатарласып жарысар.
Жол-жөнекей сарқырап,
Бір өзеннен табысар.

Сондай-ақ,
Сәулем сенің де
Сағынышың басылар.
Мейлің қайда жүрсен де,
Сүйген көңіл қосылар.

1948

АЛАТАУДЫҢ БАУЫРЫ

Десең дей бер, досым, мені
«Тауда өскен тау ұлы».
Анашымның кұшағындай
Алатаудың бауыры.

Ой артынан ой туғызды
Бесігіндей жырымның,
Жарымменен жүрмін бірге
Шыңына өрлеп ғылымның

Тартып-ақ тұр көздің нұрын,
Қандай көркем, қарашы!
Жанға жайып жұпар лебін,
Аймалайды ауасы.

Десең дей бер, досым, мені,
«Тауда өскен тау ұлы».
Анашымның кұшағындай
Алатаудың бауыры.

1949

Несі тәтті: оны сен
Сүйе берсең, сүй десе?
Шын берілген көңілмен
Ол өзінді сүймесе.

Несі жақсы құр сөздің,
Ақыйқатын білмесе?
Қерегі не өмірдің
Елге пайдаң тимесе?

1947

ЕКІНШІ ТРАМВАЙ

Шет жағында қаланың
Сүйген жарым тұрушы өд;
Тек екінші трамвай
Солай қарай жүруші өд.

Көргім келіп тұрады,
Ыстық тартып жүрегім.
Жарым бардай ішінде
Қарай-қарай жүремін.

1948

Ай сығалап әйнегімнен
Аймалады бөлмемді.
Айнымайды әлдекімнен;
Үй ішіне оң берді.

Өздері айға ұсады да,
Түйістіріп бастарын,
Жатты
Ұйқы құшағында
Бөбегім мен жас жарым.

Ай сәулесі жүздерінде,
Жүздерінде тұрды ойнап.
Қарай қаппын төніп мен де,
Алдағы бір күнді ойлап...

1950

ЖАҢА ЖЫЛ

(Студенттер кеші)

Кезді көңілім тағы бір
Қуаныштың аспанын.
Тағы да бір шалқыды
Дариядай жас жаным.
Шалқымасын қалайша,
Жүздері нұр жайнаған,
Шат көңілді, сәнді кеш,
Құрбы-құрдас айналам.
Қандай қызық, салтанат!
Ұлы тойда жар салу.
Қандай қызық,
Достармен
Жаңа жылды қарсы алу.
Біз бақытты ұрпақпыз,
Жаңа заман жастары.
Алдымызда алуан
Жатыр ғылым асқары.
Алыс жолға ел үшін,
Сапар шектік бәріміз.
Шырқа достар!
Жиһанға
Жатсын тарап әніміз.

1948

ӨМІР СҮРГІМ КЕЛЕДІ

Ойламаймын «кетем деп мен де бір күн»,
Өмір сүргім келеді өмір сүргім.
О, дариға, қызығын өмірімнің
Өлеңменен жеткізе алмай жүрмін.

Өмірінен ақындар безсе бұрын,
Өмір сүргім келеді менің бүгін.
Өмірімнің минуты ғасырға тең,
Тұр жарқырап алдымда келер күнім.

1949»

(Пушкиннен)

Тозығы жетті көңілдің,
Болмасын сездім тілектің;
Тек қана қайғы — серігім,
Ұрлаған қанын жүректің.

Дауылы соғып тағдырдың
Гүлдей бір солды ажарым.
Қасірет шегіп, қаңғырдым,
Жетер деп менің ажалым.

Сондай бір сұрғылт сұрапыл
Суықта қысқы қалтырап,
Бұтақта әрең тұратын
Сарғайған жалғыз жапырақ.

ӘЖЕМЕ

(Пушкиннен)

Серігім ең бір кездегі,
Жүрмін сені сағынып,
Қара орманда күттің мені,
Күттің мені сарылып.

Өз терезең алдында сен
Сағат сайын қамықтың.
Тым саябыр қолдағы инең
Хал-жайыңа қанықпын.

Қарай бердің көзіңді алмай
Ұмыт болған қақпадан.
Қасыретіңе мен де ортақпын
Көңіліңде сақтаған.

БІЗ АЙЫПТАЙМЫЗ

(Сергей Михалковтан)

Күн артынан күндер өтіп,
Жас балғындар күнде егіле,
Бес жыл болды,
Ағылшынның
Қолында өмір сүргеніне.

Аш, жалаңаш
Балалардың
Кедергі-боп арманына,
Бір тамшылап у себеді
Күнәсіз пақ жандарына.

Жат тулары Британның
Үстерінде жайқалады,
Ағылшынға жауаптарын
Неміше олар қайтарады.

Сөйтіп, олар жалбарына
Дұға оқыйды тізе бүгіп,
Алыста орыс шешелері
Сарғаяды үзбей үміт...

Кім болмақшы Псковтың сол
Жас ұланы? Әлде солдат?
Әлде құл ма? Елсіз-күйсіз
Айуан боп қайда бармақ?

Тағы нендей сұмдық ойлап,
Сұрқыялар дүрлікті екен?
Қандай азғын сұм дипломат
Құпыя деп сыр бүкті екен?

Сұрар ма еді мистер Куктен,
Билеуші ғой осы үйге;
Ұстар ма еді ол өз баласын
Дәл осындай ауыр күйде?

Сұрар ма еді мистер Скоттан
(Егер жанның білсе жайын?)
Көнер ме еді ол, біреулер кеп
Азаптаса кішкентайын?

...Болғам қырық бесінші жыл
Күйзетілген Берлинде мөн,
Сонда ұлымды үш жасарлық
Россиядан табам деп ем.

Күткем — әке — дейтін сөзін.
Келдім үйге. Міне, бүгін
Батыс жаққа жатыр тарап —
Балам және менің үнім:

— Ғалымсымақ айуандар!
Пыйғылы тар өңшең залым!
Аш есікті, қайтарыңдар
Советтің жас балаларын!

Мен көргемін өз көзіммен
Сұп-сұр сәби кескіндерін,
Орел менен Рязандықтар
Мәңгі ұмытқан өз тілдерін.

Мен көргемін балаларды
Айрылған үй, еркінен де,
Танымай өз туыстарын,
Қапаланған бөтен елде.

Мен көргемін жас Машаны
Немістерге берген тамақ.
Орыс қызы біздің сол бір
Орысша емес әнге салад.

Мен көргемін Куктерді сол,
Сұмдық ойлап әлденендей,
Біздің балғын балаларды
Келеді ұстап ырық бермей.

Бұл не деген зұлымдық ед!
Төзер жай жоқ бұдан әрі.
Келулерін талап етед,
Барлық адал жанның бәрі!

Өз үйінен балдырғанды
Бөлем деп кім аласұрар!
Советтік жас балалардың
Ұлы Отан — анасы бар!

МАЗМҰНЫ

I-бөлім

Ленин суреті	5
Естен кетпес	7
Қазақстан	8
Ар, намыс не?	11
Октябрь	12
Қызыл ту	14
Сен де, Мен де	16
Отан	17
Кереку	18
Солдаттың саулығы үшін	19
Геолог	20
Ертіс	22
Ұрпақ үні	24
Сайранда желі көктемнің	25
Терек	26
Балқаш	27
Әділеттің толқыны	28
Еркінге хат	31
Жеңіс	36
Жамбылға	37
Ақын атай	38
Май	40
Олар үшеу еді	43



II-бөлім

Қолхозымды жырлаймын	49
Қырман	50
Керуен	51
Жаңбыр	52
Шарбақты	53
Қызыләскер қабыры	56
Қызыл отау	57
«Москвич»	59
Қара ағаш	60
Жас сайлаушы сыры	61

III-бөлім

Студент	67
Студент сыры	69
Біздің оқу залымыз	70
Академик қарай қалды	72
Дастархан үстінде	73
Университет	74
Альбом	75
Үш өлең	76
Толқын	81
Оқудан қайтты жас адам	82
Қос бұлақ	83
Алатаудың бауыры	84
Несі тәтті	85
Екінші трамвай	86
Ай сығалап әйнегімнен	87
Жаңа жыл	88
Өмір сүргім келеді	89
Тозығы жетті көңілдің	90
Әжеме	91
Біз айыптаймыз	92

Бағасы 2 сом.